

**УДК 378  
ББК 74.58  
S81**

**Редакционная коллегия**

*Шакирова С.М. - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке  
Сапаргалиев Д.Б. – PhD, зам. директора Управления по науке  
Никифорова Н.В. - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования*

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

**i – START. Предпринимательство: энергия молодых.**

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

**УДК 378  
ББК 74.58  
S81**

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

## ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІ БІЛДІРЕТІН ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қазақ халқының тарихымен қатар дамып қалыптасқан. Сондықтан да сөздердің пайда болуы әртүрлі себепке және тарихқа байланысты. Тіл – тілдің өзіне тән төл лексикасы және грамматикалық құрылышы болады. Бірақ онымен шектеліп қалатын тіл жоқ. Халық қашандың түйік өмір сүрген емес, өзге халықтармен экономикалық, саяси, мәдени байланыста болады. Ал, бұл қатынас тілге әсерін тигізіп отырады. Әйтсе де бұрыннан бар сөздік қор, әсіресе мақал-мәтелдер заманымыздың әрбір ағымын айқын көрсетіп отыра, оның мағынасын аша түседі. Сондай ағымдардың бірі логистика саласындағы әрбір үдерістің көрсетіп отыратын мақал-мәтелдер. Сондай үдерістердің қазақ мақал-мәтелдері арқылы талдап көрсету жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Логистика - клиенттердің немесе корпорациялардың талаптарын қанағаттандыру үшін бастапқы нұкте мен жеткізу нүктелелерінің арасындағы ресурстар ағымын басқаруды білдіреді. Логистика ұғымы ақпарат, тасымалдау, мұліктеу, қоймалау, қаптамалау және қауіпсіздік сияқты құраушылардың бірлесуін қамтиды.

Логистика көптеген кәсіпорындардың негізгі функцияларының бірі болып табылады. Логистиканың негізгі көздөйтін мақсаттары жұмысөнімділігіне және өзіндік құнға байланысты деп шартты түрде болады. Оларға жататындар: қысқа жеткізу мерзімі, мұліктің төмен деңгейде ұсталуы және өндірістік қуаттарды жоғарғы деңгейде пайдалану.

Логистиканы келесідей салаларға бөлуге болады:

1. Қамтамыз ету логистикасы
2. Өндірістік логистика
3. Тарату логистикасы
4. Сатудан кейінгі (after sales) логистика
5. Шығарып тастау (disposal) логистикасы

Қамтамыз ету логистикасы нарықты зерттеу, қажеттіліктерді жоспарлау, жасау немесе сатып алу шешімдері, тапсырыс беру және тапсырысты бақылау сияқты әрекеттерден тұрады.

Қамтамасыз ету логистикасы кезінде жеткізушіні таңдау кезіндегі жауапкершілік жоғары. Жеткізушіні таңдау үшін келесідей талдау жүргізіледі:

1. Жеткізушінің орналасуы;
2. Тапсырысты орындау уақыты;
3. Сақтық алымдылықтардың бар болуы;
4. Сапаны қадағалау;
5. Қаржы жағдайы;
6. Кепілдемелік қызмет көрсету;
7. Төлем жасау шарттары;
8. Орамы;
9. Қойма шарттары ;

Логистиканың осы саласына байланысты Жапон елінен шыққан «Just in time» деген тұжырым бар. Ағылшын тілінен аударғанда «тек дәл уақытында» деген ұғымды білдіреді. Яғни, «Just in time», бұл өндіріс үдерісі кезінде тауардың бір өндіріс сатысынан екінші өндіріс сатысына және өндірушіден тұтынушыға дейінгі қозғалысы белгілі уақыт арқылы жүзеге асырылуды қамтамасыз ететін жүйе. Бұл жүйеде тауардың келесі партиясы өндіріс үрдісіне оның алдындағы аяқталған дәл уақытта келеді. Логистикадағы осы жүйеге де сүйене отырып:

«Уақыт алтыннан да қымбат», - деген дана халқымыз қателеспегенін түсінуге болады. Осы мақалда да, логистиканың «Just in time» тұжырымында да уақыт өте қымбат екендігін анық аңғарыға болады. Негізінен логистиканың бұл жүйесін жапондықтар ойлап тапқан, осы жүйені іске асырудағы олардың ең маңызды мақсаты жүкті қоймада көп сақтамау, себебі Жапон елінің территориясының кішігірім болуына байланысты, аумағында қоймалар өте аз.

Өндірістік логистика қамтамасыз ету мен тарату логистикасын біріктіреді. Логистиканың бұл саласы материалдардың өндіріс үрдісіндегі қозғалысы жөніндегі сұрақтарды шешеді, алайда логистика үдеріне қатысушылардың арасында ақшалай қарым-қатынас жүрмейді.

**Өндірістік логистика мақсаттары:**

1. Дайын өнімге қажеттілікке байланысты өндіріс үрдісін жоспарлай және қадағалау;
2. Аяқталмаған өндіріс нормативтерін тағайындау;
3. Өндірісті шұғыл басқару;
4. Дайын өнім сапасын және санын қадағалау;
5. Өндіріс инновацияларын зерттеуге қатысу;
6. Дайын өнім өзіндік құнын қадағалау.

Өндірістік логистика сұраныс өзгерісіне өндіріс қорының қуаттылығы арқылы икемделеді, яғни сандық және сапалық икемділік арқылы.

Сапалық икемділік – әмбебап жұмыскерлердің және икемді өндірістің бар болуы. Ал сандық икемділік қосымша жұмыс күшінің және еңбек өнімділігі арқылы қамтамасыз етіледі.

Тарату логистикасы негізгі мақсаты ретінде дайын өнімдерді клиентке жеткізу болып саналады. Бұл өз кезегінде тапсырысты өңдеу, қоймалау және тасымалдаудан тұрады. Тарату логистикасының қажеттілігі мол, өйткені өндірудің уақыты, орны және көлемі тұтыну уақыты, орны және көлемінен өзгеше.

Тарату логистикасы кезінде жолға шығын және уақыттың аз жұмсалғаны өте маңызды. Осыған байланысты кезінде дана халқымыздың айтқан мақалын мысалға келтіруге болады:

Алystan арбалаганша, Жақыннан дорбала, - деп кез-келген затты жақыннан алған ыңғайлы екенін анық көрсетіп айтқан. Тарату логистикасында да осы айтылған мақалдағыдей, өндіріс зауытының тұтынушыға жақын орналасқаны өте маңызды. Себебі бұл фактор тауарды жеткізуге кеткен шығынды және уақытты да үнемдеуге көмектеседі.

Тарату логистикасының мақсаты:

1. Тауарды сату процесін ұйымдастыру және қадағалау;
2. Тапсырысты алу және өндіеуді ұйымдастыру;
3. Қапшық түрін таңдау, және басқа да тиеу, қайта түсіру операцияларын орындау;
4. Жеткізу және тасу ды қадағалау мен ұйымдастыру;
5. Сатудан кейінгі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Шығарып тастау (disposal) логистикасының негізгі функциясы болып бизнес үрдістері кезіндегі пайды болған қоқыс-қалдықтарды шығарып тастауға байланысты логистика құнын азайту, қызмет түрлерін көбейту болып есептеледі.

Бұдан да басқа логистикасы, көлік логистикасы, ақпараттық логистика, қоймалау логистикасы деген сияқты салалары бар.

Көлік логистикасының мақсаты:

1. Көлік дәліздерін жасау;
2. Көліктік және қоймалық опреациялардың техникалық бірлігін қамтамасыз ету;
3. Тасымалдау үдерісімен қоймалық және өндіріс үдерісін бірге жоспарлау;
4. Көлік түрін таңдау;
5. Жеткізудің дұрыс жол бағдарын анықтау.

Тасымалдау логистикасының соңғы мақсатына байланысты «Жүрмesten бұрын, жолынды байқа» деген мақалды тілге түйек еткімкеледі. Бұл мақал жолаушының жүретін жолының қауіпсіз әрі ыңғайлы болу керектігінің маңыздылығын көрсететіп тұр. Сонымен қатар, «Жол жаман болса, Атаң да сүрінеді, Атан да сүрінеді» деген мақал да бар. Шын мәнінде логистикалық тасымалдау кезінде жолдың қысқа әрі жақсы болғаны өте маңызды. Егер жол шұрық-тесік болған жағдайда көлік бұзылып тез құртылатын тауарлар уақытында тұтынушыға жетпейді, бұл өз кезегінде шығынның артуына әкеліп соғады.

Бұдан да басқа:

Жақсы жол

Ұзақ та болса – жақын.

Жаман жол

Жақын да болса – алыс, – деген мақалды да айта кеткен жөн болар.

Ақпараттық логистика - ақпарат және оның оңтайландыру әдістерін логистикалық ақпараттық жүйелерді жасау үшін зерттейтін сала.

Ақпараттық логистикалық жүйесі өз кезегінде – ақпараттық логистика жүйесіндегі қозғалысын қамтамасыз етейін ақпарат, оны жеткізу құрлылғылары, технологиялары және жұмысшыларының реттелген құрамы болып табылады.

Ақпараттық логистикалық жүйесінің негізгі мақсаттары:

1. Логистика жүйесінің басқарушы органдарын тоқтаусыз және дұрыс әрі көкейкесті ақпараттармен қамтамасыз ету;
2. Стратегиялық жоспарлау үшін ақпараттармен қамтамасыз ету;
3. Логистикалық бизнес процестерді оңтайландыру арқылы ұйымның табысын қамтамасыз ету.

Жоғарыдың айтылған логистика салалары өте көп әрине. Қазіргі кезде олардың бәрін біздің елде бір үйимға орындаамайды. Әр салада жұмыс атқаратын үйимдар бар. Басқа елдердегідей осының бәрі бір орталықта

жиналса қандай жақсы болар еді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - демекші егер логистиканың барлық салалары бір орталыққа шоғырланса еліміздегі логистика саласының қызмет көрсету сапасы едәуір артар еді.

### **Қолданылған әдебиет:**

1. Гаджинский, А.М. Логистика. М.: Издательско – книговый центр «Маркетинг», 2001.
2. Степанов, В.И. Логистика: учебник. М.: Проспект, 2010.
3. Стерлигова, А.Н. Управление запасами в цепях поставок: Учебник. М.: ИНФРА-М, 2009.
4. Қазақтың мақал мәтелдері. ЖШС «Ана тілі». Алматы, 2008